АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

06.01.2026
Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 12
город Ушарал

Қабанбай батыр көшесі бойындағы аллеяны күтіп ұстау жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Қабанбай батыр көшесі бойындағы аллеяны күтіп ұстау жұмыстарын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001843

Қарсы енеспін

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Қабанбай батыр көшесі бойындағы аллеяны күтіп ұстау жұмыстарын үздіксіз және тиісті деңгейде жүргізу, тұрғындар үшін қолайлы демалыс аумағын қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында қызметтердің жедел ұйымдастырылуы қажет.

Аталған қызметтердің маңыздылығын және олардың уақытылы көрсетілмеуі аллеяның жай-күйіне, тұрғындардың қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке кері әсер етуі мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану нақты жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде аллеяны күтіп ұстау қызметтерінің уақытылы көрсетілмеуіне және тұрғындар үшін қолайсыз жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес, **Қабанбай батыр көшесі бойындағы аллеяны күтіп ұстау жұмыстарын** бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**

АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ҮШАРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БСН 130340013157